10. Johnson, A.G. The Blackwell Dictionary of Sociology: A User's Guide to Sociological Language. Maiden (Mass.); Oxford: Blackwell, 1997.

11. Алимбекова Г. Т. Насилие в отношении женщин - это преступление или беззаконие?: Социальный анализ // Центр изучения общественного мнения // http://www.ciom.kz/upload/userfiles/files/Nasiliye_v_otnosheni_zhenshin.pdf

Правото конституционна

Аусагатова Г. К. , Өмірбек І. Ә.

М.Х.Дулати атындағы ТарМУ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ БАСҚАРУДЫ ЖАҢҒЫРТУ – БОЛАШАҚҚА ЖОЛ АШУ

Мемлекеттік қызмет – әр елдің барлық даму сатысындағы басты атрибут, ал мемлекеттік қызметшілер – өзгерістерді негізгі орындаушылар. Қазіргі заманғы тиімді мемлекеттік қызмет және басқару құрылымын жасаудағы Мемлекет басшысының Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында “Кәсіби үкіметке” басым бағыт беруі тегіннен-тегін емес.

Мемлекеттік қызмет туралы қазіргі заңнама мемлекеттік қызметтің жаңа үлгісіне негіз қалады. 1998 жылғы 18 қыркүйекте Мемлекет басшысының шешімімен мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік және оның аумақтық органдары құрылды, сондай-ақ Президенттің жанындағы мемлекеттік академия былтырғы жылы Президенттің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы болып қайта құрылды.

1999 жылғы 23 шілдеде “Мемлекеттік қызмет туралы” заң және мемлекеттік қызмет шеңберін реттейтін заңдық құқықтық актілер қабылданды.

Халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша, қазіргі уақытта Достастық мемлекеттері үшін үлгі ретінде Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып мемлекеттік қызметке сәтті реформа жүргізді.

Елбасы Қазақстанның алдына әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіруде және мемлекеттік қызметті одан әрі жетілдіруде басым бағыттардың бірін анықтап, оны жоғары халықаралық стандарттарға дейін жеткізу міндетін қойды.

Елімізге ісіне берілген, кәсіби даярланған, басшылық шешім қабылдау аясында бәсекеге түсе алатын қазіргі менеджерлерден тұратын мемлекеттік аппарат қажет.

Осыған орай, яғни экономикалық және қоғамдық модернизация қажеттілігіне сай білім реформасынсыз және басқарудың жаңа үлгісінің

Қазақстанның бәсекеге төтеп беруі мүмкін емес. Бұл үшін де аз нәрсе істелген жоқ.

Мемлекет басшысының Жарлығымен ҚМЭБИ құрылды, оны жыл сайын біліктілігі жоғары 200-ден астам маман бітіреді. Президенттің “Болашақ” бағдарламасының жұмыс істегеніне он жылдан асты, оның жолдамасымен талантты жастарымыз дүние жүзінің ең таңдаулы университеттерінде білім алады. Үш таңдаулы оқу орнын – дипломатиялық және сот академияларын, сондай-ақ мемлекеттік қызмет академиясын біріктірген Президент жанындағы мемлекеттік басқарудың жаңа академиясы жұмыс істейді.

Оқуды өмір бойы жалғастыру әр адам үшін заңдылыққа айналды. Президенттің Жарлығымен бекітілген ережеде мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру олардың қосымша кәсіби білімдерінің негізгі үлгісі болып табылады.

Аймақтық қайта даярлау және біліктілік көтеру орталығында 2006 жылға облыс бойынша мемлекеттік қызметшілерді оқыту үшін 17 млн. теңге қаралған, яғни бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 60 пайызға көп.

Жарты жылдың қорытындысы бойынша Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясында облыс бойынша 75 мемлекеттік қызметші, аймақтық біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығында – 514 және басқа да салалық оқу орындарында 126 адам оқыды, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда көбірек.

Конкурстық іріктеу негізінде мемлекеттік қызметке жастардың түсуіне жол ашылды. Бүгінде біздің облысымызда 779 мемлекеттік орган бар, оларда 7,5 мың мемлекеттік қызметші еңбек етеді, орта жасы – 38.

Мемлекеттік қызмет үшін мамандар даярлауға бағдар ұстаған көптеген мамандандырылған оқу орындары негізінен ғылыми және теориялық білім беруді ұсынады, ал жүйелік түсіну, кәсіби дағды, ұйымдастырушылық қабілетін ұштау білім беру аясынан қалыс қалады. Сол себепті жас мамандар мемлекеттік қызмет барысындағы кездесетін кейбір міндеттерді орындауға дайын емес.

Осы мәселені шешу үшін облысымызда мемлекеттік органдармен бірлесіп, мемлекеттік қызметке қайтадан қабылданғандардың және де ЖОО-ның бітіруші курстарының қабілетті студенттерінің практикасы мен сынау мерзімін өткізуді дұрыстау үшін шаралар қолданылуда.

Сондай-ақ саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметтің кадрлар резервін қалыптастыруға баса көңіл бөлінуде. Елбасының Жарлығына сай, облысымыздағы әкімшілік мемлекеттік қызметшілер қатарынан саяси лауазымға үміткер 9 кандидаттың барлығы да тестілеуден сәтті өтті. Облыс бойынша мемлекеттік әкімшілік лауазымдардың кадрлар резервіне 217 адам енгізілді, бұлардың көпшілігі бір жыл ішінде жұмысқа орналастырылады.

Жуырда “Мемлекеттік қызмет туралы” Заңның саяси мемлекеттік қызметшілер ротациясына қатысты өзгерістер енгізілді, яғни енгізілу жобасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігімен мақұлданады.

Бұдан басқа, мемлекеттік органдарда аппарат басшысы – статс хатшы әкімшілік лауазымы енгізіледі. Оның қызметтік міндеттеріне орындау және еңбек тәртібі үшін бақылау мәселелері, аппарат тұрақтылығын жүзеге асыру және мемлекеттік қызметшілердің кадрлар шеберлігін жетілдіретін мемлекеттік қызмет ұсыну стандарттарын енгізу, Ар-намыс кодексін сақтау кіреді.

Бірінші кезектегі міндеттердің бірі – мемлекеттік қызметті ұсынудың халықаралық, сервистік тәртібіне көшу. Қатаң бәсекелестік жағдайында үнемі өз қызметтерінің сапасын арттыратын жеке меншік секторлардан мемлекеттік органдардың айырмашылығы өздерінің даралығынан бұл мәселелерге аз көңіл бөлінді.

Еліміздің заңнамасында “мемлекеттік қызмет” және “мемлекеттік қызметтердің стандарттары” деген түсініктер болған жоқ, сол себепті қызметтерді мемлекеттік органдардың міндеттерімен шатастырады. Сондықтан Елбасы мемлекеттік органдардың рейтингтік бағалауының негізгі критерийінің арасынан ұсынылатын мемлекеттік қызмет сапасын ерекше белгіледі.

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінде дайындалған мемлекеттік қызметтердің бірыңғай стандарты 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізіледі. Осының негізінде әрбір мемлекеттік орган халыққа БАҚ арқылы жеткізілетін стандарттар тізімін даярлайды, бұл мемлекеттік органдардың жұмыс сапасын бақылауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күннің басты талаптарының бірі халықтың жаппай компьютерлік сауаттылығына жету және жаңа информациялық технологияларды енгізу болып табылады. Қазір елімізде 2007 жылдың соңында аяқталуға тиісті 2004 жылдың

аяғында қабылданған “электрондық үкімет” үш жылдық мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Аталған мемлекеттік бағдарламаның мақсаты – азаматтар мен ұйымдарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтің жедел және сапалы болуын, мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету.

“Электрондық үкіметті” белсенді енгізу үшін электрондық мемлекеттік қызмет көрсету шеңбері жұмыстарында халықты оқытуды бірлесіп ұйымдастыру және Интернет-қызметке халықтың қоғамдық қол жетуі үшін пункттер желісін құру қажет.

Мемлекеттік қызметшілерді жұмыстың жаңа жағдайына оқыту мен дайындау үшін бірінші жарты жылдықта облыстың қала мен аудандарында үш мыңға жуық мемлекеттік қызметші қатысқан 38 семинар-кеңес өткізілді, өздерін ойландырып жүрген мәселелері бойынша жеке қабылдауларда 200-ден астам азамат болды.

Адал жұмыс, әлеуметтік кепіл кешенін енгізу және еңбекақыны көтеру арқылы мемлекеттік қызмет беделі одан әрі жоғарыламақ. Сондықтан, бізге мемлекеттік қызмет және кадрлар саясатын қайта құру мен жетілдіру бойынша қол жеткен табыстарды әрі қарай дамыту керек.

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Қостанай облысы бойынша басқармасы кадрлардың кәсіби біліктілігін көтеруде Мемлекет басшысы қойған міндеттерді мүлтіксіз орындау үшін алдағы уақытта да барлық қажетті шараларды қолданатын болады.

Пайданылған әдебиет тізімі

1. Назарбаев Н. Ә. Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғам
2. Жетписбаева Б. А. Антикоррупционное законодательство Республики Казахстан. – Астана, 2011. 3. Есембаева Ж. Е. Правовые средства борьбы с коррупцией: маг. дисс. – Астана, 2013. – 103 с.
4. Синюкова Т. Н. Понятие и подходы к содержанию коррупции // Юридическая наука и практика: Вестник Нижегородской академии МВД России. Выпуск № 1 (29) / 2015

3. «Нұр Отан» партиясының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы, «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің 2014 жылғы 11 қарашадағы №001 қаулысымен бекітілген..
4. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына

Нуртай М.Н.,з.ғ.м.

М.Х. Дулати атындағы ТарМУ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТА ШАРТТАРҒА ҚАТЫСТЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚ МИРАСҚОРЛЫҒЫ

Мемлекеттердің құқық мирасқорлығы қазіргі заманның ең күрделі саяси – құқықтық мәселелерінің бірі болып табылады.

Халықаралық құқықта мирасқорлық деген ұғым - бір мемлекеттің басқамен ауысуы, яғни міндеттері мен құқықтары жаңа пайда болған мемлекетке ауысады. Мирасқорлық ежелден келе жатқан институт.

Мирасқорлық жүзеге асырылған кезде мемлекеттер қаншама оның қатысушысы болғанымен, қашан да екі жаққа бөлінеді:

1. Жаңа пайда болған мемлекет, яғни бүкіл жауапкершіліктің бұл мемлекетке өтуі (оны мирасқор деп атайды);

2. Ыдыраған мемлекет - бұл халықаралық қатынастардан толықтай жене аумағының бір бөлігіне қатысты жауапкершілікті мойнына алатын мемлекет (оны ізашар деп атайды).

Халықаралық құқық, мемлекеттердің әрекеттерін реттей отырып, ол мемлекеттер өмірінің және мәртебесінің, сол сияқты тағы басқа жағдайлар болған кезде тыс қалмайды. Яғни, бір мемлекетке қосылуы жене бір мемлекеттен бірнеше теуелсіз мемлекеттер құрылған, т.б. жағдайларға қатысы болады.

Мемлекеттік мирасқорлықтың объектісі болып халықаралық шарттар, мемлекеттің мүлкі, мемлекеттік қарызы жене мемлекеттік архиві, халықаралық ұйымдарға мүше болып табылады.

Мемлекеттердің мирасқорлығы жөнінде халықаралық шарттарының маңызды мәні бар. Себебі ол - мемлекеттердің халықаралық құқықтың басты қайнар көзі мен міндеті болып саналады. Оның ішінде көптеген көрсетілген объектілер бекітілген, соның ішінде шекара, халықаралық ұйымдарда мүшелік мәселесі.

Мемлекеттерде сабақтастық мәселесі туатын жағдайлар:

1. Әлеуметтік төңкерістің нәтижесінен пайда болған жаңа мемлекет;
2. Ұлттық – бостандық күресінде жаңа тәуелсіз мемлекеттің пайда болуы (отарсыздандыру нәтижесінде);
3. Мемлекеттерді бөліктерге бөлген кезде;
4. Мемлекеттер біріккен кезде;
5. Мемлекетің аумағының бір белігінде жаңа мемлекет құрылған кезде.

1. Әлеуметтік төңкеріс нәтижесінде пайда болған жаңа мемлекеттің мирасқорлық мәселесі халықаралық құқықтың жаңа субъектісі пайда болған кезде туады.

2. Отарсыздандыру нәтижесінде пайда болған мемлекет 1978 ж. Венадағы Конвенцияға сәйкес *tabula rasa* кәтi-датымен қарастырылады, яғни держава метрополиялармен жасасқан шарты күшін тоқтатады.

Құқық мирасқорлық мәселесі қазіргі кездегі мамандардың қарама-қарсы ойлар мен бағалар туғызатын пікірталас мәселелерінің бірі болды. Жаңа мемлекеттердің туындауы – бұл халықаралық өмірде анда – санда кездесетін және өзінің арнайы сипатталатын құбылыс болып табылады [1].

Халықаралық шарттар құқығы халықаралық жалпы құқықтың саласы болып табылады және мемлекеттер мен халықаралық құқықтың басқа да субъектілері арасында халықаралық шарт жасасу, оның әрекет етуі, сондай-ақ күшін жоюы жөніндегі қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы болып табылады.

Халықаралық шарттар құқығының субъектілері халықаралық жалпы құқықтың субъектілері болып табылады. 1969 және 1986 жылдардағы Вена конвенцияларында “келіссөздерге қатысушы мемлекет”, “келісуші мемлекет”, “келіссөздерге қатысушы ұйым”, “қатысушы”, “үшінші мемлекет” және “үшінші ұйым” ұғымдарын қолданады. Келіссөздерге қатысушы мемлекет – шарт мәтінін дайындауға және қабылдауға қатысушы мемлекет ; келісуші мемлекет – күшіне еңбегендігіне қарамастан, шарттың өзінің міндеттілігіне келіскен мемлекет, қатысушылар – күшіне енген шарт бойынша міндеттілік алған мемлекеттер, үшінші мемлекеттер – шарттың қатысушысы болып табылмайтын мемлекеттер (1-бап).

Халықаралық шарттар құқығы аясындағы алғашқы жүйеленген акт американдық мемлекеттердің конференциясында 1928 ж. қабылданды. Ол тек Латын Америкасы мемлекеттерінде жүргізілген аймақтық сипаттағы келісім шарттар туралы Гавана конвенциясы.

Қазіргі таңдағы халықаралық құқықтың негізін салушы қайнар көздерінің бірі болып – халықаралық шарт танылады, дегенмен жоғарыда айтылғандай, халықаралық құқықтағы негізгі реттеуші тәсілі болып – халықаралық құқық субъектілер еркілерінің санасу тәсілі саналады, оның өзі, халықаралық шартты бекіту кезінде айқын көрінеді [2].

Халықаралық құқық қайнар көздері ретіндегі халықаралық нормалары, халықаралық әдет – ғұрыптар секілді қалыптасатын нормаларға қарағанда, қалауымызға жақын, дегенмен де, «халықаралық шарт» ұғымы халықаралық әдет – ғұрып ұғымына қарағанда әлдеқайда анық болып табылады, даулы жағдайда, сол тәртіп ережелерінің әдеттегі құқықтық норма ретінде барын дәлелдеудің өзінде қиынға түседі. Халықаралық шартқа байланысты мәселелер қазіргі кезде негізгі үш келісімдермен реттеледі – 1969 жылғы Халықаралық шарттар құқығының Вена Конвенциясымен, 1986 жылғы халықаралық ұйымдар арасындағы немесе халықаралық ұйымдар мен мемлекеттер арасындағы халықаралық шарттар құқығы туралы Вена Конвенциясымен, сондай-ақ 1978 жылғы халықаралық шарттарға қатысты, мемлекеттердің құқыққа иеленушілік жайындағы Вена Конвенциясымен реттеледі. Олардың ішіндегі ең маңыздысы болып, 1969 жылғы Конвенция танылады. Осы құжатқа сәйкес халықаралық шарт деп – мемлекеттер арасындағы жазбаша түрде бекітіліп, мұндай келісімнің бір құжатта не бірнеше өзара байланысы бар құжаттарда бар болуына, не оның нақты аталуына қарамастан, халықаралық құқықпен реттелітін халықаралық келісім түсіндірілуі мүмкін. Халықаралық шарттағы жақтар тек халықаралық құқық субъектілері ғана бола алады.

Халықаралық шарт, екі жақтың келісімін белгілі мәселелері бойынша білдіреді, басқаша айтқанда, заңды міндеттіліктің оған, екі жақтың келтіруімен жүзеге асуы керек, демек барлық жақтарымен келтірілуі қажет. Егер де халықаралық шарттың немесе оның қандай да бір бөліміне қатысты жақтардың келісіміне негізделген күдік болған жағдайында, сол шарттың заңды әрекетін дауға салып шешуге болады. Тағы бір айта кететін жағдай, мемлекеттер өз тәртібін, сондай-ақөзінің ішкі мемлекеттік заңдарының актілеріне

сәйкес, халықаралық шартты дайындау, бекіту, оны орындау мен заңды күшінің тоқталуына қатысты мемлекет атынан қызметті жүзеге асыруға құзыреті бар органдар мен жақтардың тәртібін қалыптастыра алады.

Халықаралық шарттар мен оларды бекітуші мемлекеттер, сол не өзге мемлекеттің ұлттық құқығына бағынышты бола алмайды. Халықаралық құқықтың кайнар көздері ретіндегі халықаралық шарттардың жалпы сипатының шеңберінде, өзге де оларға ұқсас сипаттарынан айырмашылықтарына назар аударудың ажетті екендігін санай аламыз, яғни мұндағы халықаралық құқық субъектілері мен жеке тұлғалар арасындағы шарттарды, джентльмендік келісімдері мен саяси ойлары жайлы мәлімдемелерін айтса болады.

Біздің пікірімізге сай, міндеті айтылып отырған мәселе қайткенмен де халықаралық шарттар жайында емес, шетел элементі бар жеке құқықтық келісім-шарттардың (контрактілердің) арнайы түрлері жайында айтылады. Джентльмендік келісімдерге келетін болсақ, мұнда көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, жеке тұлғалар арасындағы ауызша түрдегі келісімділігі жайында айтылады, әдеттегідей өз мемлекеттері халықаралық аренада таныстыру құқығына ие болады. Аталған келісім, мемлекеттер үшін міндетті түрдегі заңды салдарға әкеп соқтырмауы қажет. Әрине бұл ұғымның осылайша, біржақты болып айтылғандығына келісу қиын. Біздің пікірімізше, бұл мәселеге саралай жақындауымыз қажет және әрбір нақты жағдайда жүзеге асырылған келісімдердің мазмұнды сипатына, мәніне, сондай-ақ оның айтылу түріне назар аударғанымыз жөн [3].

“Белгілі бір дәрежеде мағыналас өлшемдері, ауызша халықаралық шартқа жеткендігі туралы куәлік етуі мүмкін, сонымен қатар міндетті заңды күші бола тұра, оның халықаралық шарттардың екінші түрі екендігін ұмытпауымыз қажет. Ал екінші жағынан, бұл ережелерді дәлелдеуден өзінің жеткілікті күрделі екендігін мойындауымыз керек, мысалы ауызша әңгіменің нәтижесі бойынша алып карағанда.

Сонымен, саяси ой туралы мәлімдеме санаты, халықаралық шарттарға әжептеуір жақын; біріншіден, олардың айтылу формасы мағынасында. Алайда, маңызды бір айырмашылығы болып, мемлекеттердің мұндай мәліметтердің қорытындылары бойынша, заңды міндеттерінің жоқтығы болып табылады. Олай болса, олардың жарияланбауы кезіндегі жауапкершілігінің де жоқ болуы рас.

Халықаралық шарт халықаралық құқықтың басшылық ететін негізгі түсініктерінің бірі.

Халықаралық шарттар құқықтың теориясы мен тәжірибелік (практикалық) аспектілері, жеткілікті кен дамытылған, мысалға айтатын болсақ халықаралық шарттарды бекіту рәсіміне, оларды қолдануға, талқылауға, тоқтатуға, заңды күшінің тоқтатылуына қатысты. Дәріс курсының арнайы тарауында бұл мәселелер толығырақ қамтылады [4].

Халықаралық құқық халқаралық қатынастардың қатысушысы ретіндегі мемлекеттердің іс – әрекетін реттей отырып, оларда болып жатқан өзгерістерінде артта қала алмайды. Әсіресе, ол құқық мирасқорлығының алып келетін, мемлекеттік территориялық өзгерістерге қатысты болып келеді.

Мемлекеттердің территориялық модификациялануының, жоқ болып кетуі, қалпына келу әрекеттері – бұл ең біріншіден, саяси, әлеуметтік, экономикалық және де басқа да мәселелерге байланысты болып келеді. Бұл мәселеге қатысты халықаралық құқықтың міндеті осы іс – әрекеттерді заңды тұрғыдан бағалап, реттеу болып табылады.

Халықаралық құқық шеңберінде мемлекеттердің құқық мирасқорлығы мәселесіне байланысы екі құқықтық акт өндірілді. Олар:

1978 ж. "Шартқа қатысты құқық мирасқорлық туралы Венадағы Конвенция" қабылданды;

1983 ж. "Мемлекеттік меншік, мемлекеттік архив және мемлекеттік қарыз жөніндегі мирасқорлық мәселесі бойынша Венадағы Конвенция" қабылданды.

Заңгерлердің айтуынша, бұл ережелер мемлекетаралық қатынастар саласындағы халықаралық әдет-ғұрыптарда көрініс табады.

Халықаралық әдет – ғұрыптың қалыптасуы екі элементтен тұратыны анық:

- 1) Халықаралық құқық субъектілерінің жалпы бірқалыпты тәжірибелігі;
- 2) Бұл тәжірибеден шығатын заңды міндетті жүріс – тұрыс ережелері.

Сол себептен құқық мирасқорлық тәжірибесі сипаттамалық сипатта қарастырылады және әр кезде әмбебаптылығымен, сосын жалпылығымен көзге түседі. Бұл салада жай нормалардың жиынтығының пайда болуы, әсіресе, халықаралық қатынастар шеңберіне қарағанда өте күрделі құбылыс болып табылады.

Пайдаланган әдебиеттер тізімі

1. Лукашук И. И. Конституции государств и международное право. М., 1998
2. Голоцин В.В. Антарктика: тенденции развития режима. М., 1989.
3. Даниленко Г.М. Обычай в современном международном праве. М., 1988
4. Фельдман Д.В. Источники современного международного права М., 1987

Нуртай М.Н., з.ғ.м., Иманқұл Ж.Ж. студент
ТарМУ

ДІН ЖӘНЕ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ТҮСІНІГІ

«Діннің тұтастығы - елдің тұтастығы: діни алауыздық ұлттық алауыздыққа апарып соқтырады» - деп Н.Ә Назарбаев бекер айтпаған. Дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы Құдайға сенімі [1]. «Дін» сөзінің араб тіліндегі мағынасы – сыйлық, үкім, есеп, жаза, мойынсұну, бағыну, құлшылық, шарифат, заң, жол, тіпті, кейбір жағдайларда ұлт деген ұғымды да қамтиды [2].

Дана бабамыз Фараби «Қайырымды ел көзқарастарының төркіні», «Азаматтық қоғам» және «Дін кітабы» деп аталатын рисалаларында мемлекеттік институттың діни емес негізде басқарылуы туралы жазып қалдырған. Бүгінгі таңда бізде қолданылып отырған зайырлылық ұғымы «атеизм» немесе «дінді жоққа шығару емес», керісінше — адамның ар-ождан бостандығын, діни сенім еркіндігіне кепілдік беру деген түсінікті қамтиды. Негізінен, бүгінгі қазақ тіліндегі «зайырлы», «зайырлылық» сөзі – «заһир», яғни «анық», «ашық» деген мағыналарды білдіретін араб тілінен енген сөз. Бұл сөзді алғаш рет өткен ғасырда Алаш қайраткерлері «Алаш мемлекетін» құруда өз заңнамаларында қолданды. Олар бұл сөзді: 1. Ашық, нақтылық; 2. Адами, адамдық, өркениеттік; 3. Азаматтық деген мағыналарда қабылдады. Бүгінгі Егемен еліміз Қазақстан да өз тәуелсіздігін жариялай сала, кешегі Алаш мемлекеті заңнамасы қолданысындағы «зайырлылық» терминін алып, демократиялық, құқықтық, зайырлы ел сипаты ретінде халқына Ата заңмен бекітіп берді. Яғни, зайырлылық ұғымы «ар-ождан бостандығы» және «төзімділік», «толеранттылық» сынды ұғымдармен және түсініктермен тығыз байланысты. Зайырлылық ұғымы мемлекеттің дінге деген қатынасының демократиялық сипатта екендігін танытады.

Енді зайырлылықтың қандай ұстаным екендігіне тоқталайық. «Зайырлылық» ұстанымы – қоғамның кез-келген мүшесіне, оның діні, тегі, нәсіліне қарамастан, әр адамның қандай да бір дінге сену, сенбеу мәселесіне

араласпайтын ұстаным. Яғни, бұл ұстаным адамның ар-ожданының моральдық болмысының еркіндігіне мүмкіндік беретін, мемлекет азаматтарының арасындағы қарым-қатынасты тек құқықтық негізде шешуді қамтамасыз ететін республикалық басқару жүйесінің ең басты тетігі. Жалпы, зайырлылық туралы анықтамалар көп. Солардың ішінде түсінуге жеңіл кейбір сөздіктердегі «зайырлылық» ұстанымына назар аударайық: бұған «барлық діндерге бейтарап қарайтын, діни басшылықтан тәуелсіз және кез-келген теологиялық қағидалар мен нормалардан азат болып табылатын мемлекеттің белгісі» ретінде анықтама берілген. Осы анықтама зайырлы мемлекетті нақтылай түседі. Неге барлық діндерге бейтарап қарайды? Себебі діндер көп, ал Құдай түсінігі бір. Адамдардың Құдай түсінігі ортақ болғанмен олардың Құдай туралы танымы, сенімі, сезімі, құлшылығы, оның мына әлеммен қатынасы, яғни дүниетанымы, ақырет туралы сенімдері де әртүрлі. Сондықтан мемлекет өзінің азаматтарының діни сенімдеріне араласпайды, құрметтейді, бейтарап ұстанымда болады.

Екіншіден — мемлекет діни басшылықтан, яғни діни биліктен тәуелсіз. Оның себебі — саясатта діни басшылыққа тәуелді болу мемлекеттегі тұрақтылық пен тыныштықты баянды етудің кепілі бола алмайды. Дін көп, діни басшылар да көбейеді, сондай-ақ бір діннің ішінде де көптеген ағымдар мен топтар бар. Олардың әрқайсысының басшылық туралы діни тұжырымдары бар. Ал саясатта басшылық, оған бағынатын халық және осы қатынасты реттейтін құқық бар. Егер мемлекет діни басшылықты қабылдаса, онда халықты біртұтастандыру, бір құқықты ортақ тұғыр қылу, басқаруды да бірізділікке түсіру қиынға соғар еді.

Үшіншіден — мемлекет кез келген теологиялық қағидалар мен нормалардан азат болады. Себебі — теологиялық діни нормалар қанша көп болса, сонша құқықтық ұстанымдар мен оның қызметтік нормалары да қайшылыққа түскен болар еді. Сондықтан демократиялық, құқықтық мемлекет зайырлылықты ұстаным ретінде таниды. Негізі, философиялық тұрғыдан алғанда, «ұстаным мен мұрат» немесе «принцип пен идея» бірін-бірі толықтырып тұруы шарт. Мұны қалай түсінеміз? Мемлекет азаматтарының бақытты болуына қызмет етеді. Мұраты — азаматтарының ары, намысы, жаны және мүлкінің қауіпсіздігіне, амандығына т.б. құқықтарына кепілдік беру. Мемлекет осы мақсаттың орындалуына да зайырлылық ұстанымын шарт деп біледі. Шарт дегеніміз — белгілі бір құбылыстың бар болуы мен

баяндылығының уақыт пен кеңістіктегі қажеттілік жағдайы. Сонда зайырлылық ұстанымы мемлекетті мақсатына жеткізетін құрал болып отыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабы 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – делінген. Мемлекетіміздің басты қазынасы – адам және адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары болғандықтан азаматтарымыздың өзі қалаған дінге сенуі конституциялық құқықтарының қатарынан табылады. Ата заңымызға сәйкес азаматтарымызды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты, сондай-ақ басқа да жағдаяттар бойынша кемсітуге тыйым салынған. Ата Заңымыздағы осы айтылған қағидалар мемлекетіміздің зайырлы сипатта екендігінің басты нышандары.

Еліміздің зайырлылығы мемлекеттік билік органдарының діни наным-сенімге көзқарасын айқындайды. Зайырлы мемлекетте мемлекеттік билік дін және діни бірлестіктерден бөлінген. Мемлекет дін ісіне, ал дін және діни бірлестіктер мемлекет ісі мен саясатқа араласпайды. Діннің зайырлы мемлекеттегі көрінісі Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында айқын көрсетілген. Бұл Заңның 3-бабының 1-тармағында мемлекеттің дін мен діни бірлестіктерден бөлінгендігі баяндалады. Бұған қоса, аталған Заңда діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең екендігі, ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейтіндігі мәлімделген.

Зайырлы мемлекет ұғымының түп-тамыры діни құқық тұрғысынан адамсүйгіштік құқығын басшылыққа алуда жатыр. Адам және адамның өмірінің құндылығы ғасырлар тереңінен зайырлы және құқықтық мемлекет құруға деген талпынысты туындатты. Зайырлы мемлекет – діни наным-сенімді адам болмысына тән қажеттіліктердің бірі ретінде қарастырып, құқықтық нормаларды басшылыққа алады. Зайырлы мемлекетте діни құқық емес, адамның дінге деген құқығы әлеуметтік заңдылықтар шеңберінде қарастырылады. Мемлекеттің зайырлы немесе теократиялық үлгілерінің қайсысы дұрыс екендігі жайлы пікірталас туындағанда кейбір азаматтар зайырлы мемлекетте адам құқықтары

басты орынға қойылатындығына көңіл аудармай жатады. Құқықтық мемлекет құрудың маңыздылығы еліміздің барлық азаматтарының діни сеніміне қарамастан заң алдындағы теңдігінен көрінеді. Оған азаматтарымыздың өз діни нанымдары себебінен Қазақстан Республикасының [Конституциясы](#) мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығының жоқтығы дәлел. Зайырлы мемлекетте азаматтық құқық пен заң алдындағы теңдік маңызға ие. Өйткені, бүгінгі таңда елімізде теріс пиғылды діни топтардың (әсіресе ислами теріс пиғылды топтар) теократиялық немесе клерикалды мемлекет құруға деген талпынысы зайырлылықпен тығыз байланыстағы құқықтық мәселелеріне, адамсүйгіштікке нұқсан келтіруі мүмкін.

Зайырлылық Қазақстан Республикасы аумағында құқықтық қағида негізінде қарастырылғанын ескердік. Енді мемлекеттің зайырлылығы жайлы айтқандарды өзге елдердің мысалында қарастырып көрелік. Мысал ретінде, Франция мемлекеті біздің еліміз секілді өзін айқын және нақты зайырлы мемлекет ретінде көрсетсе, Португалия мемлекеттік биліктің шіркеуден, діни бірлестіктерден бөлінгендігін айтады. Ал Италияда дін мен мемлекет өздеріне тиесілі салаларда тәуелсіз және тең құқылы, ал Испанияда ешбір дін мемлекеттік бола алмайды екен.

Әрине, зайырлы мемлекет таза күйінде ешбір дінді ресми мемлекеттік деңгейге көтермейді және міндетті дін ретінде қарастырмайды. Бірақ кейбір демократиялық мемлекеттерде ресми түрде кейбір діндердің мемлекет тарапынан қоғамға және кейбір мемлекеттік құрылымдарға әсеріне байланысты маңызды орны жайлы айтылады. Бұны біздің еліміздің мысалында да қарастыруға болады. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танытындығы жазылған. Бірақ, еліміз ханафи бағытындағы ислам мен православиенің маңызды орнын көрсете отыра өзінің зайырлы сипатынан айырылып отырған жоқ.

Қазақстан Республикасы зайырлылық тұрғысынан да, құқықтық тұрғыдан да жетілген мемлекет. Елімізде діни білім беру ұйымдарынан өзге білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатқа ие. Бұған қоса, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңда заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке тұлғалардың дінге көзқарасы

себептері бойынша азаматтық құқықтарының бұзылуына немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге тыйым салынған. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтарымыз діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқылы екендігі баяндалған.

Қазақстан Республикасының заңнамаларында зайырлы мемлекет қағидаттары мен діни сенім бостандығы құқығы арасындағы байланыстар айқын көрсетілген. Зайырлылық және құқықтық-демократиялық мемлекет қағидаттарынан айнымаған елімізде азаматтардың діни сенімге бостандығы барлығының Заң алдындағы теңдігінен көрінеді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары елімізді демократияландыру, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар өз жалғасын тауып келеді. Осының арқасында бірлігі жарасқан еліміз жүздеген ұлттар мен ұлыстырдың тату-тәтті өмір кешіп жатқан мекеніне айналып отыр.

Сондықтан да Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің дәстүрлі халыққа Жолдауында зайырлылық ұстанымын біздің елдің ең басты құндылығы ретінде бағалайды. Сондықтан зайырлылық ұстанымы мемлекет пен діннің өзара қарым-қатынасын реттейтін ең басты тетік, қоғам тұрақтылығы үшін де ең басты құндылық. Зайырлылық ұстанымы мемлекеттің баяндылығына қызмет ететін, мемлекет құрушыларының құқықтарының қорғалуы мен сақталуына, бақытты болуына жеткізетін ең басты шарт болғандықтан саяси және құқықтық тұрғыдан діннен осы салада бөлінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы
3. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы, 11 қазан 2011 жыл.

Туленова Г Д.

М.Х.Дулати атындағы ТарМУ

«Философия және саясаттану» кафедрасының аға оқытушы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САНА МЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ: МАЗМҰНЫ, РӨЛІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың феномені болып табылады. Сондықтан бұл параграфта сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың феноменін қарастырамыз. Қоғамдық сананың әртүрлі нысандары бар, олардың көмегімен адамдар оларды қоршаған табиғатты, қоғам мен өздерін сезінеді. Моральдық (адамгершілік) саяси, құқықтық, эстетикалық, діни сана болып бөлінеді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана» ұғымы қоғамдық сананың барлық нысандарын қамтиды. Бұл интегративті ұғым, себебі ол өзіне әртүрлі ғылым саласынан ақпаратты сіңіреді, әртүрлі оқу пәндерінде зерделенеді және ол туралы білімді тұжырымдауда зерттелетін құбылысты түсінудің жаңа деңгейіне шығады. Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қоғамдық сананың өзге де нысандарымен тікелей өзара байланыста болады және қоғамдық санаға тән барлық қасиеттер және сипаттамаларды меңгереді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана – бұл адамдардың сыбайлас жемқорлыққа әлеуметтік зұлымдық ретіндегі қатынасын білдіретін ұғымдар, теориялар, түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың жиынтығы. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында мүдделер қақтығысы «жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда осы аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін» деп айқындалады» [1]. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың ерекшелігі оның барлық көрінісінде мүдделер қақтығысына жағымсыз, төзбеушілік қатынастың призмасы арқылы өмірлік

болмысты көрсетеді, содан кейін жаңғыртады. Ол жалпыға міндетті мінез-құлық нормаларын белгілеуді талап етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана адамгершілік және адамгершілікке жат қылықты, құқықтық және құқықтық емес, заңды және заңсыздықтың шегін көрсетіп береді. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез- құлықты қамтамасыз ету үшін моральдық-адамгершілік, идеологиялық, құқықтық шараларды талап етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы санаға нысандандыру, белгілілік пен кесімділік тән. Сондай-ақ моральдық және құқықтық міндеттерді орындауға қатаң бақылау талабы тән. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың рөлі оның танымдық, реттеуші, бағалаушылық, болжамдық функцияларында көрінеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың танымдық функциясы (гносеологиялық) әлеуметтік зұлымдық ретінде сыбайлас жемқорлық туралы білімді жинақтау және оның негізінде адами өзара қарым- қатынастар әлемін одан әрі пайымдау мүмкіндігінен тұрады. Реттеуші функциясы. Белгілі бір жағдайларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері 12 құндылықты бағдарлар арқылы қоғамдық қатынастардың реттеушісі болады. Осы реттеудің нәтижесі – сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарға нөлдік төзімділік болады. Бағалау функциясы өмірлік тәжірибе мен практика негізінде әлеуметтік өмірдің әртүрлі жағы мен құбылыстарына тұлғаның белгілі бір эмоционалдық қатынасынан көрінеді. Моральдық және құқықтық нормалар, моральдық-құқықтық жүйенің басқа элементтері бағалау объектісіне айналады. «Бағалау функциясы тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қатынасын айқындайды. Оның көмегімен моральға және этикалық кодекске, құқық пен заңнамаға, құқық қорғау органдарына, азаматтық қоғамға, борышқа, айналасындағылар мен өзінің де сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқына деген қатынас бағаланады. Болжамдық функция моральдық-құқықтық жүйенің болашақтағы жай-күйін, қоғамдағы адамдардың мінез-құлқын көре білу мүмкіндігінен тұрады.»[2].Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана сияқты рухани мәдениеттің интегративті нысаны болып табылады. Мәдениеттің, сонымен қатар адам санасындай басымдықтары да бар, әлеуметтік деп айқындалатын барлығының қалыптасуы мен дамуында атқаратын рөлі де бар. Ақиқатты игеру тәсілі ретінде мәдениет – жекелеген бағалау, нормалар емес, олардың жиынтығы, сомасы емес, керісінше тұтастық ретінде алынған құндылықты элементтер. Мәдениет сана феномені ретінде тұтастықты білдіреді. Мәдениет – пассивті, қажетсіз, жүзеге

аспаған білім, білік, сенімдер емес. Ол өзіндік процесті, ішкі қызметті білдіреді, оның негізінде өзара іс-қимыл, өзара өту және білім, білік-дағдының, тұлғаның құзыретінің, оның сенімінің, ақпараттық, сезімдік және күш- жігер компоненттерінің түйісу жатыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет рухани мәдениет жүйесінің маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Адам мәдениет субъектісі ретінде еңбек, саяси, этикалық, эстетикалық, адамгершілік және басқа мәдениеттердің жанашыры болып табылады, ол өзара тығыз байланысты, ал әртүрлі үйлесімде кірпияз симбиозды қалыптастырады. Мәдениет жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет айрықша функцияларды орындап, қоғамның белгілі бір тұтастығы мен ұйымшылдығын сақтай отырып, ерекше орын алады.» [3]. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет өз мазмұнына мәдениет- тердің барлық қалған түрлерінің элементтерін қамтиды, бұл олардың тұтастығының жалғыз субъектісі ретінде адамның өзінің табиғатымен байланысты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің ерекшелігі мәдениеттердің барлық түрлерімен өзара байланыста ғана емес. Оның мазмұны бірінші кезекте құқық пен адамгершілікті қамтиды. Мәдениеттердің барлық түрлері арасындағы диалог олардың арасындағы тығыз байланыстың барын белгілейді, олардың өзара толықтырушы рөлін атап өтіп, күшейтеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білу қабілеті. Осындай адамның мазмұны құқықтық мәдениет болып табылатыны маңызды. Қазіргі әдебиетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің мазмұны негізінен құқықтық құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті толықтай құқықтық мәдениетке апару дұрыс емес. Құқықтық мәдениет мысалы, адамгершілік, саяси мәдениетпен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің тек бөлігі ғана. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл жаппай сана және оның жекелеген элементтері емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – сыбайлас жемқорлықты қабылдамау негізінде жататын осы жүйемен тіпті сәйкес келмейтін құндылықтар жүйесі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – адамгершілік пен азғындық (орынды және орынсыз, мейірімділік пен зұлымдық, пайдалы және пайдасыз), құқықтық және құқықтық емес, ақылды және ақымақтық, тамаша және бейберекет призмасы арқылы адами қатынастар әлеміне көзқарас. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет адамның жоғары мораль- дық, құқықтық, саяси және басқа

мәдениеттер негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білу қабілетін білдіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қазіргі уақытта шынайы қажетті құбылыс мәртебесін иеленеді, оны әлеуметтендіру процесінде қоғамның барлық әрекетке қабілетті мүшелері игеруі тиіс. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» ұғымы «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсініледі. Сондай-ақ ол білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі». «Ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әлеуметтік маңызды іс-шараларды, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды ұйымдастыру арқылы іске асырылады» [4]. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мынаны көздейді: – сыбайлас жемқорлықтың мәні, оның мазмұны, мақсаттары, субъектілері, нысандары мен түрлері, іске асыру салалары, қоғам өмірінің барлық саласында көріну ерекшеліктері туралы түсінік; – моральдық-адамгершілік, этикалық мәдениетті тәрбиелеу; – құқықтық сауаттылық негіздерін қалыптастыру; қоғам мүшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық уәжін ынталандыру; – мүдделер қақтығысының барлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру. Осыған байланысты мыналар қажет: – сыбайлас жемқорлыққа саналы қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтарға моральдық «иммунитетті» қалыптастыру және осының негізінде сыбайлас жемқорлықты еңсеру бойынша құзыреттерді дамыту; – Қазақстан азаматтарының мінез-құлық моделін қалыптастыру, бұл ретте «сыбайлас жемқорлық» сөзінің өзін қабылдамау, адамгершілік тойтарыс, төзбеушілікті туындатуы тиіс; – құқықтық құндылықтарды жоққа шығару, заң мен тәртіпті құрмет- темуді білдіретін құқықтық нигилизмді жою (латынша nihil – ештеңе); – құқықтық жаппай оқу

